

**«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ
ЖДҚ ҰСТАУШЫЛАРЫ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ ЖДҚ-СЫН САТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС

ОСЫ ӘРЕКЕТТЕР ОСЫНДАЙ ЮРИСДИКЦИЯНЫҢ ТИІСТІ ЗАҢДАРЫН БҰЗУ БОЛЫП ТАБЫЛАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯЛАРДА БАСПАҒА ШЫҒАРУҒА, ЖАРИЯЛАУҒА ЖӘНЕ ТАРАТУҒА АРНАЛМАҒАН

2017 жылғы 10 шілде

«Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының айналымдағы жай акцияларды және артықшылықты акцияларды, сондай-ақ осындай жай акцияларды ұсынатын жаһандық депозитарлық қолхаттарға (бұдан әрі - Жай ЖДҚ) және осындай артықшылықты акцияларды ұсынатын жаһандық депозитарлық акцияларға (бұдан әрі – Артықшылықты ЖДҚ, Жай ЖДҚ-мен бірлесіп «ЖДҚ» деп аталатын) қатысты бір Жай ЖДҚ үшін 285,34 теңге және бір Артықшылықты ЖДҚ үшін 143,1 теңге мөлшерінде сатып алу бағасы бойынша сатып алуға міндетті тендерлік ұсынысты жариялау туралы хабарлады.

«Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) барлық шығарылған және айналымдағы жай акцияларды (бұдан әрі – Жай акциялар) және артықшылықты акцияларды (бұдан әрі – Артықшылықты акциялар, Жай акциялармен бірлесіп «Акциялар» деп аталатын) («МТҰ») қолма-қол ақшаға сатып алу туралы тендерлік ұсынысқа, сондай-ақ «Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Казкоммерцбанк) қатысты шығарылған барлық ЖДҚ сатып алу туралы ұсынысқа («Тендерлік ұсыныс») бастамашылық етті. Ұсынылған ЖДҚ-ның сатып алу бағасы ЖДҚ үшін жұмыс күні бизнесті жабу сәтінде Тендерлік ұсыныстың нәтижелерін жариялағанға дейін қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің теңгедегі бағамы бойынша АҚШ долларына айырбасталған бір Жай ЖДҚ үшін 285,34 теңге және бір Артықшылықты ЖДҚ үшін 143,1 теңге мөлшерінде теңге мөлшерінде бекітілді, бұл 2017 жылғы 4 шілдеге дейін күнтізбелік 90 күн бұрын ҚҚБ-ба осындай ЖДҚ-да берілген Акциялардың орташа өлшемді бағасы болып табылады.

2017 жылғы 5 шілдеде Компания Казкоммерцбанктің бұрыңғы мажоритарлық акционері Кеңес Рақышев мырзадан 464 751 759 Жай акцияларды және 110 912 295 Жай ЖДҚ сатып алуды, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамынан 85 517 241 Жай акцияларды сатып алуды аяқтап, нәтижесінде Казкоммерцбанкте Жай акциялардың (соның ішінде ЖДҚ ұсынған Жай акциялары) 96,81 пайызына ие болды (бұдан әрі – Сатып алу).

Сатып алу Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңының 25.3 бабының қағидаларын қолдану үшін негіздеме болып табылады, оларға сәйкес Компания Сатып алудан кейін 30 күннің ішінде кез келген айналымдағы барлық Жай акциялар және Артықшылықты акциялар үшін де міндетті тендерлік ұсынысқа бастамашылық етуге міндеттенеді, осы міндетті тендерлік ұсыныс күнтізбелік 30 күннің ішінде ашық болып қала береді. Компания осы тендерлік ұсынысты тарату және кел келген және айналымдағы барлық ЖДҚ-ға қатысты сатып алуды ұсыну туралы шешім қабылдады.

Нәтижесінде Компания бүгін Казкоммерцбанктің кез келген және айналымдағы ЖДҚ-ны сатып алуды сату бағасы бойынша тендерлік ұсыныстың меморандумында берілген талаптарда және талаптарды ескере отырып, ұсынып Тендерлік ұсынысты жариялады.

Тендерлік ұсыныс 2017 жылғы 10 шілдеде басталып, 2017 жылғы 9 тамызда Нью-Йорк уақыты бойынша кешкі 17.00-де аяқталады.

Компания Нью-Йорк Меллон Банктін Тендерлік ұсыныста берілген ЖДҚ-ға қатысты тендер агенті ретінде тартты (бұдан әрі – ЖДҚ Тендер агенті).

- Сұрақтар мен ЖДҚ тендерінің рәсімдеріне қатысты ақпарат ұсыну жөнінде сұратуларды ЖДҚ Тендер агентінің мына электрондық мекенжайына: drprojectalpha@bnymellon.com жолдауға болады.

Қосымша ақпарат алу үшін:

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Мира Касенова: +7 727 259 04 30

Елена Перехода: +7 727 330 17 19

Халық тобы туралы

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ және оның еншілес компаниялары (бірлесіп «Халық тобы») бөлшектеп сату, ШОБ және корпоративтік банкинг, сақтандыру, лизинг, брокерлік қызмет көрсету және активтерді басқаруды қоса алғанда, түрлі сегменттерде жұмыс жасайтын Қазақстандыға жетекші қаржылық қызметтер тобы болып табылады. Халық тобы сонымен қатар Грузияда Қырғызстанда және Ресейде жұмыс жасайды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ активтерінің жалпы көлемі 5,201,1 млрд. теңгені құрайтын ірі қазақстандық кредитор болып табылады. Банк Қазақстанда ең үлкен клиенттік база мен ең кең тараған филиалдар желісіне ие, оның 506 филиалдары мен бөлімшелері елдің әрбір түпкірінде орналасқан. Халық Банкі Қазақстан қор жиржасында 1998 жылдан және Лондон қор биржасында 2006 жылдан тіркелген.

БҰЛ ХАБАРЛАМА КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯДА КЕЗ КЕЛГЕН БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ САТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС НЕМЕСЕ САТЫП АЛУҒА ШАҚЫРУ, АЙЫРБАСТАУ НЕМЕСЕ ЖАЗЫЛУ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ ЖӘНЕ ОЛ ҮШІН АРНАЛМАҒАН. БҰЛ ХАБАРЛАМА ПРОСПЕКТ НЕМЕСЕ ҰҚСАС ҚҰЖАТ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ.

БҰЛ ХАБАРЛАМАНЫ БІРЛЕСКЕН КОРОЛЬДІКТЕН БАСҚА ЮРИСДИКЦИЯЛАРДА БАСПАҒА ШЫҒАРУ, ЖАРИЯЛАУ НЕМЕСЕ ТАРАТУ ЗАҢНАМАМЕН ШЕКТЕЛУІ МҮМКІН ЖӘНЕ СОНДЫҚТАН БІРЛЕСКЕН КОРОЛЬДІКТЕН БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯЛАРДЫҢ ЗАҢДАРЫНА БАҒЫНАТЫН ТҰЛҒАЛАР ХАБАРДАР БОЛУЫ ТИІС ЖӘНЕ КЕЗ КЕЛГЕН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУҒА МІНДЕТТІ. БҰЛ ХАБАРЛАМА АҒЫЛШЫН ЗАҢНАМАСЫНА СӘЙКЕС ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ МҮНДА АШЫЛҒАН АҚПАРАТ АНГЛИЯДАН БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН ЮРИСДИКЦИЯНЫҢ ЗАҢНАМАЛАРЫ МЕН ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ СӘЙКЕС ӨЗІРЛЕНГЕН ХАБАРЛАМАҒА ҰҚСАС БОЛМАУЫ МҮМКІН.